

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АТТЕСТАТТАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Астана
2015**

Пікір жазғандар:

А.К. Тусупова ф.ғ.к.

А. М. Смакова, балабақша меңгерушісі

Ж. Б. Бликова, әдіскер

Мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауын ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2015.
–10 б.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ 2008 жылғы 5 наурыздағы №109 бұйрығы негізінде Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауын ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулыққа сәйкес әзірленді.

Бұл әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым басшыларына нақты көмек көрсетеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауын ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының (№4 хаттама 2015 жыл 9 қыркүйек) Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралды және ұсынылды.

КІРІСПЕ

2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың негізгі міндеті – мектепке дейінгі білім беру сапасын жетілдіру.

Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрі меншік нысанына қарамастан мемлекеттік аттестаттау болып табылады.

Аттестаттау – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкестігін кешенді бағалау.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауын ұйымдастыру мен өткізу бойынша нормативтік-құқытық базасы 2007 жылы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңы (5 бабы) мен «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестациясын бекіту ережесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы №1270 қаулысы болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 5 наурыздағы №109 бұйрығы негізінде Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауын ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулық әзірленді.

Осы нұсқаулыққа сәйкес меншік түріне және ведомстволық бағыныштылыққа қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі (бұдан әрі – аттестаттау) белгіленген. Білім беру ұйымдарының аттестаттауы меншік түріне және ведомстволық бағыныштылыққа қарамастан бес жылда бір рет жоспарлы негізде білім беру саласындағы уәкілетті органдармен олардың құзырлылық шеңберінде (бұдан әрі – уәкілетті органдар) облыстық, республикалық дәрежедегі қалалық, аудандық (облыстық дәрежедегі қалалық) жергілікті атқарушы уәкілетті органдармен мемлекеттік және қажетті жағдайда орыс тілінде жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарының аттестаттауын ұйымдастыру кезінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай ұсынылатын білім беру қызметінің сәйкестігі анықталады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша мектепке дейінгі білім беру жүйесі қызметкерлерін әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеттері:

- құжаттармен жұмыс мәдениетін, практикалық қызметте ұйымшылдық пен жинақылықты дамыту;

- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-оқыту қызметі деңгейін және үздік педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату бойынша жұмыс сапасын арттыру;

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдістемелік кабинеттерін аттестатталған мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс тәжірибесінен материалдармен толықтыру.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды қолдану мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру мен жүргізуге байланысты мәселелерде басшылар мен педагогикалық қызметкерлердің зейіндерін шоғырландыруға мүмкіндік береді.

МДҰ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу

Білім беру ұйымдарын аттестаттау уәкілетті органдар бекіткен (ҚР БҒМ Білім беру саласындағы бақылау комитеті) аттестаттаудың өткізу кестесіне сай жүргізіледі.

Аттестаттауды өткізу мерзімі туралы ақпарат аттестаттаудың басталуына үш ай қалғанда білім беру ұйымдарына хабарланады. Бекітілген кестеге:

1) дәлелді қорытынды көрсетілген аттестаттау мерзімін ауыстырудың қажеттілігі туралы білім беру ұйымдарының жазбаша өтініштері;

2) жаңа заңды тұлғалардың құрылуымен білім беру ұйымдарының қайта құрылу негізінде өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Бекітілген кестеге өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда білім беру ұйымын бұл туралы аттестаттау басталуына үш айдан кем емес мерзімде хабардар ету керек.

Уәкілетті органдар ұсынылған материалдарға талдау жасайды. Аттестаттау өткізу үшін уәкілетті органдар аттестаттау комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құрады. Комиссия құрамы білім беру ұйымдарын аттестаттаудың басталуына 10 күннен кешіктірмей уәкілетті органдар бекітеді. Комиссия төрағасы болып уәкілетті органға сай қызметкер тағайындалады. Комиссия құрамына енетін өкілдер:

1) уәкілетті органдарға сай келетін;

2) егер мемлекеттік білім беру ұйымдары аттестаттаудан өткен жағдайда, сол білім беру ұйымдарын басқаратын мемлекеттік органдардың;

3) білім беру ұйымдары мен олардың бірлестіктерінің (ассоциациясының), Қазақстан Республикасының жетекші педагог қызметкерлері кіреді.

Комиссия құрамының кандидатурасын таңдау білім беру ұйымдары қызметтерінің бағдары мен дайындық және мамандық (кәсібі) бағыттары бойынша іске асырылады.

Аттестаттау өткізу үшін ақпараттар жинақтаудың **негізгі әдістері:**

1) білім беру ұйымдарының нысандары мен материалдық-техникалық базаны көзбен қарау;

2) МЖМБС талаптарының сақталуын тексеру мақсатында білім беру ұйымы мен оның бөлімшелерінің құжаттарын зерделеу;

3) оқу үдерісінің көрсеткіштерін талдау;

4) тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және тәрбиеленушілердің ата-аналары арасынан кездейсоқ сауалнамалар жүргізу;

5) ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу;

6) тәрбиеленушілермен, тәрбиешілермен және мамандармен әңгімелер;

7) біліміне және білігіне бақылау кесінділерін жүргізу арқылы тәрбиеленушілердің білімін бағалау.

Жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Комиссия білім беру ұйымдарына аттестаттауды жүргізеді. Комиссия төрағасы педагогикалық кеңестің кезектен тыс кеңейтілген мәжілісінде Комиссия мүшелерін таныстырады және оларға білім беру ұйымының қызмет бағыттарын зерделеу бойынша нақты тапсырмаларды бөледі.

Комиссияның жұмысы туралы хабардар ету және тиісінше жазбаша хабарландыруларды дайындау білім беру ұйымының басшысына жүктеледі.

Комиссия өз қызметінде білім беру ұйымының қызметін реттейтін және білім беру сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Комиссия мүшелері жұмыс үдерісінде аттестаттау мәселелерін зерделеу барысы туралы Комиссия төрағасын хабардар етеді және оған білім беру ұйымының қызметіне толық талдау жасалған, нормативтік-құқықтық акті ережелеріне сай келмейтін айқындалған кемшіліктері мен бұзушылықтарды, оларды жою туралы ұсыныстар мен қорытындылары көрсетілген анықтаманы тапсырады.

Аттестаттау барысында Комиссия білім алушылардың білім сапасының МЖМБС талаптарына сәйкестігін анықтау үшін ересектер мен мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдысына бақылау жүргізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда кешенді тестілеуді қызметкерлер мен ата-аналарға сауалнама жүргізумен алмастырылады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді кешенді тестілеудің және білім, білік, дағдыларына бақылаудың басқада түрлерінің нәтижелеріне, қызметкерлер мен ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелеріне талдау жасауды Комиссия жүзеге асырады.

Жүкті әйелдерден басқа барлық педагог қызметкерлер аттестаттауға жатады. Педагог қызметкерлерді аттестаттау дипломда көрсетілген мамандығына және педагог қызметкер лауазымының біліктілік сипаттамасына сәйкестігі бір кезеңмен кешенді түрде талдамалық жинақтау арқылы жүзеге асырылады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша өткен әртүрлі курстары екінші біліктілік санатын иеленуге ғана мүмкіндік береді.

Кезектен тыс аттестаттаудан өтуден үміткер педагог қызметкер екі кезеңнен тұратын аттестаттаудан өтеді:

- 1) бірінші кезең- біліктілігін тестілеу;
- 2) екінші кезең-қызмет нәтижелерін талдамалық жалпылау.

Теріс нәтиже көрсеткен немесе дәлелді себептермен қатыса алмаған педагог қызметкерлер алғашқы тестілеуден соң, екі айдан аспайтын мерзімде қайта тестілеуден өтеді.

АТТЕСТАТТАУ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Аттестаттаудың негізгі ұстанымдары - олар педагог қызметкерлерге шынайы, түзетуші, ізгі қарым-қатынасты қамтамасыз етуі тиіс. Оларға: алқалық, жүйелілік, ашықтық, шынайылық, нақтылық жатады.

Аттестаттауға жататын білім беру ұйымы аттестаттау басталардан кемінде бір ай бұрын ұйымның төмендегідей сапалық және сандық сипаттамалары қамтылған өзіндік бағалау материалдарын өкілетті органдарға ұсынады:

- 1) мектепке дейінгі білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;
- 2) кадрлық құрам;
- 3) тәрбиеленушілер құрамы;
- 4) тәрбиелеу-білім беру жұмыстары;
- 5) педагогтық жүктеме;
- 6) оқу-материалдық активтер;
- 7) топтар және олардың жабдықталуы;
- 8) ақпараттық ресурстар және оқу-әдістемелік қор;
- 9) тәрбиеленушілердің білімін бағалау;
- 10) ғылыми-зерттеу жұмыстар болып табылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өтуге дайындауды ұйымдастыру

МДҰ меңгерушісі аттестаттаудан өтетін тұлғалардың тізімін, аттестаттау кестесін және аттестаттау комиссиясының құрамын бекіткен бұйрық шығарады. Аттестатталушыға осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес аттестаттау парағы толтырылады. Кадр қызметі жинақталған аттестаттау материалдарын аттестаттау комиссиясының мәжілісіне дейінгі 15 жұмыс күні ішінде аттестаттау комиссиясына жолдайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында аттестация жүргізу үшін келесі құжаттар қажет болады:

- өтініш, мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық картасы бар қосымшасымен (төлқұжаты);
- өзін-өзі аттестаттау өткізу туралы бұйрық, мектепке дейінгі ұйымды аттестаттау комиссиясының мүшелері туралы қосымшасымен;
- мектепке дейінгі ұйымның өзіне-өзі аттестаттау өткізудің бағдарламасы;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымын дамыту Тұжырымдамасы;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымын дамытудың 4 жылдық Бағдарламасы;
- мектепке дейінгі ұйым Жарғысының көшірмесі;
- жылжымайтын мүлік құқығын тіркеу туралы куәлік;
- МДҰ техникалық төлқұжаты;
- санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің рұқсаты;
- медициналық қызмет жүргізуге мемлекеттік лицензия.

Білім беру қызметтерінің ерекшеліктерін көрсететін материалдар, мектепке дейінгі ұйымның ықыласына қарай қосымша ұсынылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау әңгімелесу түрінде өткізіледі. Егер, аттестаттау комиссиясының мәжілісіне комиссия құрамының үштен екісі қатысатын болса құқығы сақталады. Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамада толтырылып, аттестаттау комиссиясының мүшелері мен хатшысы қолдарын қояды.

Аттестаттау қорытындысын шығару

Комиссия төрағасы барлық бөлімшелерді тексеру нәтижелерін жинақтайды және келесі тараулардан тұратын Комиссия қорытындысын (бұдан әрі -Қорытынды) әзірлейді:

- 1) білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;
- 2) кадрлық құрам;
- 3) тәрбиеленушілер құрамы;
- 4) соңғы 3 жылғы тәрбиелеу-білім беру үдерісі;
- 5) штат кестесіне сай педагогикалық жүктеме;
- 6) оқу-матералдық активтер;
- 7) топтар мен олардың жабдықталуы;
- 8) ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры;
- 9) тәрбиеленушілердің білімін бағалау;
- 10) соңғы 3 жылғы ғылыми –зерттеу жұмыстары;
- 11) сауалнама нәтижелері;
- 12) кемшіліктер мен ескертулер;
- 13) қорытынды және ұсыныстар.

Қорытындыда білім беру ұйымын аттестаттау немесе аттестаттамау туралы ұсыныс беріледі.

Егер де білім беру қызметтері МЖМБС талаптарына толығымен сай болса, соның ішінде, білім және білігін бағалау нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің кем дегенде 70% оң баға алған жағдайда білім беру ұйымын «аттестаттау» туралы шешім қабылданады. Өкілетті органдар МЖМБС талаптарына сәйкессіздікті анықтаған жағдайда, аттестаттау барысында айқындалған кемшіліктердің жойылғанын анықтау үшін комиссия құрылады. Ауытқушылықтар қалпына келтірілген жағдайда комиссия оң ұсыныстар береді. Кемшіліктер қалпына келтірілмесе Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларында қарастырылған тәртібі бойынша шара алынады.

Қорытынды екі дана жасақталып, төраға мен Комиссия мүшелері қолдарын қояды. Екінші данасы мектепке дейінгі ұйымның басшысына беріліп, оның қол қоюымен расталады.

Ұйым басшысы қол қоюдан бас тартқан жағдайда аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері сәйкесті акт жасақтайды және

қорытындының бір данасы Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген тәртіп бойынша білім беру ұйымында қалдырылады.

Қорытындыға жалғанатындар:

- білім беру ұйымының негізгі көрсеткіштері;
- білім беру ұйымы бөлімшелерінің құрылымы;
- білім беру ұйымының контингенті туралы мәліметтер;
- білім беру ұйымындағы педагогтар ұжымының сандық және сапалық құрамы;
- сауалнама нәтижелері;
- Жарғының және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- санитарлық-эпидемиологиялық станция мен өрт қауіпсіздігінің қорытындылары.

Білім беру ұйымы ұсынған өзін-өзі бағалау материалдары, Комиссия қорытындылары негізінде өкілетті органдар 10 (он) күнтізбелік күн ішінде білім беру ұйымын аттестаттау немесе аттестаттамау туралы тиісті өкілетті органның бұйрығы (қаулысы) арқылы шешім қабылдайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымын аттестаттау немесе аттестаттамау туралы шешімі жөніндегі ақпарат өкілетті органның ресми сайтына орналастырылады.

Аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымының әрбір педагог қызметкеріне мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- біліктілік санатының талаптарына сай;
- біліктілік санатының талаптарына сай емес.

Педагог қызметкер біліктілік санатына сәйкес келмеген жағдайда, нақты негіздемелерімен жеке хаттама толтырылады.

Аттестаттау комиссиясы «біліктілік санатының талаптарына сай емес» деген шешім қабылдаған жағдайда біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі, ал кезектен тыс аттестаттау жағдайында бұрыннан бар бар біліктілік санаты оның мерзімі аяқталғанша сақталады. Біліктілік санатын төмендету және сәйкесінше еңбек ақы төлеу туралы шешім аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

Зейнеткерлік жасқа дейін 4 жылға жетпейтін мерзім қалған педагог қызметкерлердің біліктілік санатының мерзімі аяқталған жағдайда, өзінде бар біліктілік санаты зейнет жасына жеткенше сақталады.

Егер педагог қызметкер зейнеткерлікке шығуына байланысты педагогтық қызметін тоқтататын болса, ол білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясына кезекті санатты тағайындаудан (растаудан) босату туралы жазбаша өтініш береді. Білім беру ұйымының штатында және еңбек шарты бойынша бір жылдан аса жұмыс жасап жүрген зейнет жасына жеткен педагог қызметкерлер жалпы негізде аттестаттаудан өтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі ұйым қызметіне меншік түріне қарамастан мемлекеттік бақылауды білім және ғылым саласындағы арнайы өкілетті органдар жүзеге асырады.

Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрі меншік түріне қарамастан мемлекеттік аттестация болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік аттестаттау мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру бағытындағы олардың қызметтерін ынталандыруды қамтамасыз етеді; балалармен жүргізілетін жұмыстардың түрлері мен әдістерінің, мазмұнының алуан түрі негізіндегі білім беру қызметтерін ата-аналардың таңдауына мүмкіндік береді; педагогке жат барлық әрекеттерден баланы қорғауды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен педагог қызметкерлерді мемлекеттік аттестаттау қолданыстағы нормативтік құжаттарды ескере отырып, бағыттар бойынша кешенді сараптама жүргізуге мүмкіндік береді және мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру жағдаяттарын өзгертудің шынайы механизмі болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы сапалы білімге ата-аналардың, Білім басқармаларының және бақылаушы органдардың мүдделері біртұтас салаға айналуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымды аттестаттау - комиссия берген ұсыныстарды талдауға, соған сәйкес шешім қабылдауға, білім беру үдерісін одан кейін түзету мен реттеуге, білім беру қызметінің нәтижелілігін жақсартуға негіз болады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	4
а) мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауы бойынша ұйымдастыру жұмыстарының формалары мен әдістері;	
б) құжаттаманы жүргізу тәртібі;	
в) мектепке дейінгі ұйымдардың аттестаттауына қойылатын талаптар	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	9
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	19